

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

27.01.2023 жыл
Сағ: 15.00

№ 2

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелері.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 11 (он бір) мүшесі қатысып отыр. Қалған 4 (төрт) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

- 1. Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.*
- 2. Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.*

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Т.Амалбаевқа сөз беріледі

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі М.Кенжебаев: Аудан аумағында орналасқан «Тепкі» кен орнына және өндіріс мекемелеріне Бейнеу ауылының халқын жұмысқа орналастыру мәселесін шешіп, жұмыссыздықты жою жолдарын қарастыруды ұсынамын.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Аудан депутаттарымен бірге мұнай мекемелерінің басшыларымен кездесіп, мұнай-кен орындарына бөлінген квотаны алу жолдарын шешуді және аудан халқын жұмысқа орналастыруды ұсынамын.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі Б.Ізбасқанов: Аудандағы мүжәлсіз отбасыларға көмек көрсетуді, халықтың мәселесін шешу жолдарын қарастыруды ұсынамын.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, бойынша Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Т.Амалбаевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Т.Амалбаевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері жұмыс жоспарына қосатын пікірлер мен ұсыныстар бар ма?

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Қоғамдық кеңестің мүшелері аудан халқының әлеуметтік жағдайын тыңдау үшін, тоқсанына бір рет кездесіп, қоғамдық тыңдау ұйымдастыруды ұсынамын.

Сонымен қатар аудан депутаттарымен бірге ауданда салынып жатқан әлеуметтік құрылыс нысандарын да қадағалауымыз қажет.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі П.Әбілшеев: Жұмыс жоспарына ҚазТрансГазАймақ, Бейнеу желілік өндірістік басқармасы мен диспетчерлік станция, темір жол мекемелерін, өндіріс орындарын қосуды ұсынамын.

Басқа пікірлер мен ұсыныстар жоқ болса, Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізіле отырып бекітілсін.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап, келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 – бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Т.Амалбаевқа қанағаттандырыллық деген баға берілсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына өзгерістер мен ұсыныстар енгізіле отырып бекітілсін.

3. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы

Қ.Бортанова